

# Еріктілер ауылдарға аттанды



**Қымбат  
ДОСЖАНОВА**

Костанайлық ерікті жастар ауылдарға аттанды.  
Олар екі ай бойы ауыл балаларына ағылшын тілін үйретпек.

Аталған жастар – облысымыздың жоғары оқу орындарында білім алған жатқан 3-4-курстардың студенттері. Олар ағылшын тілін жетік менгерген болашак шет тілі мамандары. Алдын ала іріктеуден сүрінбей өткен ҚМУ, ҚМПУ, АрқМПИ-дің 9 студенті және Жітікара политехникалық колледжінің бір оқытушысы ерікті тұрде жобаға қатысып отыр. Бұл топка ағылшын ті-

баев.

Жобаның алғашқы қарлығаштары Таран, Сарықел, Аманкелді, Жітікара, Федоров, Жанкелдин және Денисов аудандарына барады. Сол жерлерде 20 қыркүйек пен 20 карашаның аралығында екі ай бойы ауылдағы оқушыларға шет тілдерін үйретеді. Шамамен 500-ге жуық баланы қамту жоспарланып отыр. Еріктілерді іріктеуде сабак берे-

лінде еркін сөйлейтін қосымша екі шетелдік қосылады. Жоба "English for Jastar" деп аталады. Партиялық жобаны "Жас Отан" жастар қанаты мен "Болашақ" қауымдастыры бірлесіп, биылғы тамыз айында іске қосқан болатын. Мақсат біреу – шалғайдағы елді мекендердегі балаларға ағылшын тілін үйрету.

Осындай игі бастамаға қатысуга тілек білдірген бір топ жастарды "Нұр Отан" партиясы Қостанай облыстық филиалының үжымы қабылдан, салтанатты түрде шығарып салды. Ресми басқосуға облыстық филиал тәрағасының бірінші орынбасары Жанабай Бисембаев, аудандық филиалдар тәрағаларының бірінші орынбасарлары және ҚМУ-дың ректоры Х.Уәлиев пен ҚМПУ-дың ректоры Е.Әблі қатысты. Аға буын кейінгі толқынға сәт-сапар тілеп, партияның жобасын қолдайтындарын жеткізді.

– Елбасының тапсырмасына сәйкес, партия қызметінін жұмысын жаңғырту карқынды жүргізлуде. Осы мақсатта жиырмандан астам жоба қолға алынды. Олардың көтөрүлгенде жастар саясатын жаңдандыруға қатысты тиімді бастамалар да бар. Өйткені, жастар мәселеінде партия жұмысындағы басым бағыттарын бірі болып кала бермек. Соның ішінде ауыл жастарына ағылшын тілін үйрету үшін партия ауылдарға еріктілерді жіберуді бастады, – деді облыстық филиал тәрағасының бірінші орынбасары Жанабай Бисем-

баев, – олармен жұмыс істей алуы, шет тілдерін еркін менгеруі басты назарға алынған.

Еріктілердің тамақтануы, жастар орындары тегін. Олардың қауіпсіздігін партияның аудандық филиалдарының бірінші басшылары бақылайтын болады. Жоба аяқталғанша облыстық филиалдың үжымы аудандарға барып, еріктілердің жағдайларын біліп тұрады.

Жобаға қатысуышылардың бірі – Кенжегүл Аширова, Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының 4-курс студенті. Онтүстік Қазақстан облысы, Сарыагаш ауданының тұмасы Кенжегүл Арқалықтағы институтка "Серпін-2050" бағдарламасы бойынша түсіпті.

– Мен Аманкелді ауданына барғалы жатырмын. Балаларға ағылшын және неміс тілдерін үйретуге дайынмын. Мен бар күш-жігерімді, білімімді салатын боламын. Жоба туралы тамыз айында институттағы оқытушыларымнан естідім. Өзіме тәжірибе жинап, ел көріп, жұрттану үшін сапарға шыққалы отырмын. Бір жағынан болашақ педагог ретінде балалармен танысып, өзімді шындастын боламын, – деді К.Аширова.

Салтанатты іс-шараның соңында өріктілерге ағылшын тіліндегі әдістемелік оқу-куралдары мен аудиожазбалар сыйланды.

---

**СҮРЕТТЕ:** шет тілдерін менгерген еріктілер.